

**"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 1227 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы**

**1-бап.** "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 729-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

8-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын елді мекендер жергілікті атқарушы және өкілді органдардың ұсынуы бойынша коммуналдық меншіктегі жылумен жабдықтайтын кәсіпорындарды жергілікті бюджеттен отын сатып алу үшін субсидиялауға жол беріледі.

Көрсетілген шығыстар тарифті жасау кезінде есепке енгізілмейді."

**2-бап.** Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*